

Мұқарбек А.,¹ Курмамбаева Ж.Б.²

^{1,2} Абай атындағы ҚазҰПУ

¹ I курс магистранты,

² PhD, қауымдастырылған профессор м.а

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ШЕТЕЛ ТІЛІ ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ ТҮСІНІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада шетел тілін оқыту үдерісінде мультимедиялық ресурстардың рөлі мен маңызы қарастырылады. Автор тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын ашып көрсетіп, фильмдер, әндер, подкасттар мен виртуалды экскурсиялар арқылы студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту жолдарын сипаттайды. Сонымен қатар, сыныпта мультимедияны тиімді қолдану тәсілдері мен оның мотивациялық әсері талданады. Мақалада мультимедиа тек тілдік білім беріп қана қоймай, тұлғаның мәдениетаралық сезімталдығын арттыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Түйін сөздер: *Мультимедиялық ресурстар, Шетел тілін оқыту, мәдени құзыреттілік, Мотивация, Мәдени таным.*

Мұқарбек А.,¹ Курмамбаева Ж.Б.²

^{1,2} КазНПУ им.Абая

¹ Магистрант I курса

² PhD, и.о. ассоциированный профессор

ПОВЫШЕНИЕ КУЛЬТУРНОЙ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ ИЗУЧАЮЩИХ ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК С ПОМОЩЬЮ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье рассматривается роль мультимедийных ресурсов в процессе обучения иностранным языкам. Автор подчеркивает неразрывную связь языка и культуры, описывает, как фильмы, песни, подкасты и виртуальные экскурсии способствуют развитию межкультурной компетенции студентов. Также анализируются эффективные методы использования мультимедиа на уроках и их мотивационное воздействие. Показано, что мультимедиа не только передаёт языковые знания, но и формирует межкультурную чувствительность личности.

Ключевые слова: *аутентичные материалы, межкультурная компетенция, стили общения, типы медиа, языковые навыки, языковое образование.*

Mukarbek A.¹, Kurmambayeva Zh.B.²

^{1,2} Abai Kazakh National Pedagogical University

¹ 2 year MA student

² PhD, acting associate professor

ENHANCING CULTURAL AWARENESS OF FOREIGN LANGUAGE LEARNERS THROUGH THE USE OF MULTIMEDIA RESOURCES

Abstract

This article explores the role and importance of multimedia resources in foreign language education. It highlights the close connection between language and culture, describing how films, songs, podcasts, and virtual tours can enhance students' intercultural competence. The paper also examines effective classroom strategies for using multimedia and its motivational impact. It argues that multimedia not only provides linguistic knowledge but also fosters intercultural sensitivity and deeper cultural understanding.

Key words: *Multimedia resources, Foreign language education, cultural competence, Motivation, Cultural awareness.*

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында шетел тілін үйрену тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорын меңгерумен шектелмейді. Тіл — жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол белгілі бір халықтың ойлау жүйесінің, сезім әлемінің және мәдени құндылықтарының айнасы. Нағыз тіл үйрену дегеніміз — сөздердің терең мағынасын, сол сөздердің артындағы өмірді, эмоция мен салт-дәстүрді түсіне білу.

Осы мақсатқа жету үшін дәстүрлі оқыту тәсілдері жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан мультимедиялық ресурстардың шетел тілі сабағындағы орны ерекше. Олар оқулықтағы құр сөздермен шектелмей, оқушылардың көзін басқа әлемге ашып, тілді қолданатын елдің мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді.

Бір деректі фильм, бір ән немесе виртуалды саяхат — мұның бәрі оқушылардың тілді «естіп» қана қоймай, оны «сезінуіне» және «түсінуіне» көмектеседі. Бұл тіл үйренуді жандандырып, оны шынайы тәжірибеге айналдырады, сөйтіп оқушылардың мәдениетаралық сезімталдығын дамытады.

Негізгі бөлім. Мультимедиялық ресурстардың түрлері мен мүмкіндіктері.

Бүгінгі технологияның дамуы білім берудің түрі мен мазмұнын едәуір кеңейтті. Мультимедия ресурстары әртүрлі формада кездеседі және әрқайсысының өзіндік артықшылығы бар:

Біріншісі ол көркем және деректі фильмдер, телехикаялар — күнделікті сөйлеу тілін, әлеуметтік нормаларды және мәдениеттегі қарым-қатынас үлгілерін көрсетеді. Олар тілді нақты өмір контекстінде үйренуге көмектеседі. Екінші музыка мен әндер — тілдің ырғақтық құрылымын, халықтың ұлттық ерекшеліктерін, тілге тән интонация мен дыбыстау мәнерін сезіндіреді. Үшінші подкасттар мен радио бағдарламалар — нақты тақырыптағы мәдени дискурс арқылы тыңдалым дағдыларын дамытады және ауызекі сөйлеуге жақын мәтіндерді ұсынады. Ең соңғысы виртуалды шындық (VR) және интерактивті экскурсиялар — студенттерді шынайы тілдік және мәдени ортаға «енгізіп», тілдік иммерсияны қамтамасыз етеді.

Бұл құралдар тек ақпарат беріп қана қоймай, эмоция тудырады, қызығушылық оятады және оқыту процесін өмірмен байланыстырады. Әсіресе жастар үшін бұл әдіс — өзін-өзі оқытуға деген ішкі мотивацияны арттырудың маңызды тетігі.

Мәдениетаралық құзыреттілікке әсері. Тіл мен мәдениет — бір-бірімен тығыз байланысты. Әр сөздің артында сол ұлттың дүниетанымы мен өмір салты жатыр. Мультимедиялық материалдар осы жасырын мәдени қабаттарды түсінуге көмектеседі.

Мысалы, фильм көру арқылы студенттер кейіпкерлердің мінез-құлқы, қарым-қатынас стилі, отбасылық және қоғамдық рөлдері арқылы белгілі бір мәдениетті тікелей бақылап, тереңірек түсіне бастайды.

Сонымен қатар, бейнелер мен әндер арқылы студенттер вербалды емес сигналдарды — ым-ишара, дауыс ырғағы, бет-әлпет мимикасы сияқты элементтерді үйренеді. Мұндай компоненттер — мәдениетаралық коммуникацияның маңызды бөлігі.

Бұл тәжірибе тек тілдік білім беріп қана қоймай, стереотиптерді жоюға, өзге мәдениетке құрметпен қарауға үйретеді. Сол арқылы студенттер өз мәдениетін басқа мәдениетпен салыстырып, ашық ойлайтын, толерантты тұлға ретінде қалыптасады.

Сыныпта мультимедияны тиімді пайдалану тәсілдері.

Мультимедиалық ресурстарды мақсатты әрі жүйелі түрде қолдану маңызды. Алдымен тапсырмаларды (pre-task activities) айтсақ, бұл Фильм немесе ән тыңдамас бұрын жаңа сөздер мен фондық ақпаратпен таныссамыз. Бұл түсінуді жеңілдетеді және қызығушылықты арттырады. Келесі кейінгі талқылау (post-viewing discussion), бұл қаралған материал бойынша пікір алмасу, сұрақ-жауап ұйымдастыру, сыни ойлауға ынталандыру. Тағы шығармашылық тапсырмалар бар, эссе жазу, әнге жаңа шумақ ойлап табу, рөлдік ойындар өткізу. Бұл әдістер студенттің жеке көзқарасы мен эмоциясын байланыстырады. Соңғы тәсіл ол иммерсивті тапсырмалар болып саналады, VR технологиялары арқылы тапсырыс беру, нәрсе сатып алу, өтірік адамдармен сөйлеу жаттығулар жасау. Осында Мұғалімнің рөлі өте маңызды емес емес, Олар материалды дұрыс тандап, оны оқушының деңгейіне, қызығушылығына және оқу мақсатына бейімдеу.

Психологиялық және мотивациялық аспектілер.

Оқытудың тиімділігі ол эмоциялық байланыстың болуымен тікелей байланысты. Мультимедиалық ресурстар студенттің жүрегіне әсер ете алады. Бір ән әсерлендіріп, бір бейнеролик таңғалдырса, бұл сезімдер тіл үйренуге деген ынтаны күшейтеді.

Сонымен қатар, студент шет тілінде фильм түсініп, ән айтып, подкаст тыңдай алғанда — өз қабілетіне сенеді, бұл өз-өзін бағалауды арттырады. Осындай оң эмоциялық тәжірибе ұзақ есте қалады, тілдік білімді шынайы дағдыға айналдырады.

Қорытынды. Мультимедиалық ресурстар — шетел тілін үйретудегі қуатты әрі заманауи құрал. Олар тек лексика мен грамматиканы меңгерту үшін ғана емес, сонымен қатар басқа халықтардың дүниетанымын, мәдени құндылықтарын, өмір салтын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – шынайы коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді жолы.

Мұндай тәсіл студентті жай ғана үйренуші емес, оқыту процесінің белсенді, шығармашыл қатысушысына айналдырады. Мультимедиалық оқыту білімге қызығушылықты арттырып, оқудың мәнін, маңызын және өмірмен байланысын күшейтеді. Студент тек тіл ғана емес, тұтас бір мәдени кеңістікті меңгереді, тілдік ортада еркін бағдарлап, жаһандық қоғамда тиімді әрекет етуге дайын маман болып қалыптасады.

Осылайша, мультимедиалық ресурстарды қолдану — тіл үйретудегі сапалы нәтижелерге қол жеткізудің және мәдениетаралық түсіністікті тереңдетудің маңызды тетігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сапарова, Ә. М. *Шетел тілдерін оқытудағы мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру. Тіл білімі және білім беру.* – 2017. – № 3.
2. Краши, К. *Тіл және мәдениет.* – Оксфорд: Oxford University Press, 1998.
3. Byram, M. *Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence.* – Clevedon: Multilingual Matters, 1997.
4. Fantini, A. E. *Developing Intercultural Competence.* – Cambridge: CUP, 2009.
5. Костомаров, В. Г. *Мәдениетаралық қарым-қатынас және шет тілі.* – Мәскеу: Просвещение, 2012.